

ЖАҢА ТУУ

МИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

февраль Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

бесжүз і үшін

күн түсетін бөлшек-
ті тозуы сыяқты кем-

сгалысын өрістетуге
ер нұқсан келтіріп
ың партия, кәсіподақ
тық партия комитеті-
к, олардың таралынан
ағдайы жақсарта-
паралар қолданымай-
айту керек, бесжүзші-
ған паровоз бригада-
арасында партия-са-
қ жұмыстар өрістетіл-
Манюгин, Бубенчик
озат бесжүзшілердің
ындай насихаттама-
стымы қолдау таппай

рлығы жол бөлімше-
қозғалысының соңғы
уіне әкеліп соқты.
ақытта темір жол
зметкерлері комму-
ныстарына арналған
рдің ешбір кешегүде-
ған жерге жеткізіліп
сыз етуге міндетті.
вагоншылар өз жү-
өнімді еңбек етуге

Көктемгі егіске мұқият әзірлену керек

Преснов ауданының бірқатар колхоз-
дары мен совхоздарында және МТС-те-
рінде келесі егіске әзірлік Қазақ ССР
Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П
Орталық Комитетінің «Республиканың
колхоздары мен совхоздарында дәнді да-
қылдардың шығымдылығын арттыру
шараары туралы» қаулысында көрсет-
ілген міндеттерді ойдағыдай жүзеге
асыру тұрғысынан жүргізіліп жатыр.

Аудандағы Ворошилов атындағы ірі-
ленген ауылшаруашылық артелінің мү-
шелері, әсіресе, қысқы агротехникалық
шараларды: қар тоқтату, күл, күс са-
ңырығын жыйнау, егістік алаңдарға көң
сыяқты жергілікті тыңайтқыштарды жет-
кізу, тұқым тазалау жұмыстарын колхоз
басқармасында бекітілген және аудандық
ауылшаруашылық бөлімі тағайындаған
графикті қатаң сақтай отырып, жүзеге
асыруда. Кәзір колхозда 1300 гектардан
аса егістік жерге қалыңдығы 50—60
сантиметрге жетерліктей қар тоқтатыл-
ды. Колхозшылар көктем егісін толық
қамтамасыз ететін мөлшердегі тұқымды
түгел тазалап, кондиция талаптарына
сәйкес шығымдылық дәрежеге жеткізді.

«Жизнь» ауылшаруашылық артелінің
мүшелері де тұқымдық материалдарды
қамқорлықпен сақтап, тазалады.

Сол сыяқты, Ленин атындағы, «Новый
свет» ауылшаруашылық артельдерінде

Большевиктер партиясы, совет үкметі ауыл шаруашылығын
өркендете беру үшін үздіксіз қамқорлық жасап келеді. Бұл қамқор-
лыққа іспен жауап беру, партия мен үкмет алға қойған міндетті
ойдағыдай орындау көктемгі егіске тыңғылықты әзірленуге бай-
ланысты. Жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық
орындары әрбір колхоз бен совхоздың, МТС-тің егіске мерзімінен
бұрын, толық әзірленуін ұйымдастыруға тиіс.

темірлердің «болмауын» сынтау етіп,
олардың «бұрау басын сындырмайтын»
күндері де болды. Жамбыл атындағы
колхоздары бұл «қарқынның» егіске әзір-
лікті жеделдете қоймайтындығы сөзсіз.

Аманкелді атындағы колхоздың (пред-
седателі Дүйсенбин жолдас) тұқым тазалау-
ға кіріскеніне екі айға жуық болды. Колхозда 4600 центнер тұқым бар. Со-
дан тазаланғаны 700 центнердей ғана. Колхоз басқармасы қуатты «ВИМ» маши-
насын өнімді найдалануды ұйымдастыра
алмай отыр. Шынында да бұл колхоз-
да тұқым тазалауға астық қоймасының
менгерушілері ғана «жауапты» көрінеді.

Преснов ауданының колхоздарында
жергілікті тыңайтқыштар, күс саңыры-
ғы, күл, көң дайындау ісіне жете мән
берілмей жүр. Осы күнге дейін бірде-бір
колхоз қажетті мөлшерде тыңайтқыштар
әзірлемеген, ал, бұл үшін мүмкіншілік-
тер жеткілікті.

«Сталин жолы» колхозының аудандық
ауылшаруашылық бөліміне берген мәлі-
метіне сенетін болсақ, 25 тонна жергі-
лікті тыңайтқыш дайындалып, егістік
жерге жеткізілген. Ал, іс жүзінде қалай?
Мүлдем олай емес. Шамасы жеңіл екі
арбаға сыярылтай көң (оның да тең
жартысы шөп) колхоз орталығынан 2
километрдей жердегі егін алаңының жа-
нынан өтетін жолдың жиегіне төгілген.

Колхоздардағы есеп беру, есеп беру-сайлау жыйылыстары

Шаруашылыққа басшылық жақсартылсын

Петропавл ауданындағы Пушкин аты-
ндағы ауылшаруашылық артелінің мүше-
лері өткен шаруашылық жылында істел-
ген жұмыстарды қорытындылады. Есеп
беру-сайлау жыйылысында колхоз пред-
седателі Стряпко жолдасын баяндамасын
тыңдап, колхозшылар басқарманың қыз-
метіндегі елеулі кемшіліктердің бетін
ашты.

Колхозда қоғамдық өнімді мал шару-
ашылығын жедел қарқынмен өркенде-
туге керекті мүмкіндіктің бәрі де бар.
Алайда, колхоз басшылары бұл күш-мүм-
кіндікті іске түгел қосуды қамтамасыз
етпеді. Осының салдарынан колхозда ке-
рамдық өнімді мал шаруашылығын өр-
кендету жөніндегі ұшқылық жоғары бір
түліктен де орындалмады. Колхоз басшы-
лары мал шаруашылығына жеткіліксіз
басшылық жасады. Олар мал фермала-
рында өте аз болады да, істің шын жа-
йын жете білмейді, мал өсірушілердің
біркелкі өнімді жұмыс істеуіне жылдай
жасамайды. Сол сыяқты, басқарма мүше-
лері мал өсірушілердің арасындағы со-
циалистік жарысқа да дұрыс басшылық
жасамады.

бұл учасітінде істеп көрмеген жа-
на мүшелері техникалық дақылдарды дұ-
рыс күте, өсіре алмады.

Сол сыяқты, еңбек ұйымдастыру ісіне
жеткілікті басшылық болмағандықтан,
колхозшылардың барлығы бірдей жұмыс-
қа тартылған жоқ. Бұған 20 колхозшы-
ның тиеті еңбеккүн минимумын таппа-
уының өзі-ақ дәлел.

Колхозшы Мойсеев колхоздың тексеру
комиссиясының жұмысын әділ сынады.

—Комиссияның мүшелері,—деді ол,—
өз міндеті дәрежесінде жұмыс істей ал-
ған жоқ. Олар, әсіресе, колхозшылардың
істеген жұмысына еңбеккүн бөлудегі кем-
шіліктерді держезінде ашып, оны жою-
дың нақтылы шараларын белгілеп отыр-
мады. Қайта олар мұндай өрескел кемші-
ліктерді бүркеуге, жасыруға тырысты.
Мұнымен бірге, комиссия мүшелері ко-
сымша ақы бөлудегі кемшіліктерді де
mezгілінде ашпады.

Колхозымыз —іріленген колхоз. Мұнда
егін шаруашылығын да, мал шаруашы-
лығын да пәрменіше өркендетуге орасан
зор мүмкіншіліктер бар. Келешекте кол-
хоз басқармасын тексеру сайлауында

Солай бола тұрса да, Петропавл жол бөлімшесінің жұмысы шын мәнінде осы жоғары талаптарға толық жауап бере алмай отырғандығын айтпауға болмайды. Бұл сайын жекелеген составтар тағайындалған жерге расписанияде көрсетілген мерзімде жеткізілмейді. Мұның негізгі себебі—еналдымен, паровоз депосындағы барлық машинистердің бірдей өздерінің жұмыстарында ақауға жол бермеуге жетісе алмауында. Бұған январь айының өзінде поездардың жөнделу аралық мерзімінен тыс түрлі себептермен 50-ге тарта паровоздардың қосымша жөнделуге қойылғандығы толық дәлел бола алады. Январь айында поездардың жөнделу аралық мерзімінің ішінде 40 локомотив ешбір пайдасыз депода жүздеген сағат бойына тұрды. Сөйтіп, ондаған мың сом мемлекет қаржысы жоспарла қарастырылғанынан тыс жұмсалды.

Машинистер Жирнов және Закалюжний жолдастардың № 19 -533 паровозы декабрь айының ішінде депоға үш рет жөнделуге қойылды. Үшеуінде де паровозға техникалық күтімнің нашар болғандығы, паровоз бригадаларының өз ісінде ұқыпсыздыққа жол бергендігі байқалды. Яғни паровоздардың механизмдеріне машинистер тарапынан бақылау нашар, осының салдарынан букса, втул-

алайда, вагон депосының және техникалық байқау пунктінің жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер жоқ емес. Жекелеген сменалардың ақауға жол беруі салдарынан бөлімшенің халық шаруашылығы жүктерін тасу жоспары орындалуына, поездардың жол жүру графигінің қатаң сақталуына едәуір нұқсан келтіріліп жүр.

Темір жол транспортында, әсіресе, поездардың жол жүруіне тікелей байланысты теміржолшылар үшін поездардың жол жүру графигі—мызғымас заң. Оның қалтқысыз орындалуын әрбір локомотивтің орта тәуліктік жүріс жылдамдығын еселеп арттыру, поезд бригадаларының жұмысында жоғары өнімділікке жетісу арқылы ғана қамтамасыз етуге болады. Сондықтан жол бөлімшесінің басшылары, инженер-техник қызметкерлері, бөлімше кәсіпорындарының партия, кәсіподақ ұйымдары бесжүзші-машинистердің қозғалысын онан әрі дамыта түсу, жұмыстың барлық учасқотерінде науқаншылыққа салынбай, ақаусыз еңбек етуді ұйымдастыру нәтижесінде әрбір локомотивтің тәулігіне 500 километр жол жүруін қамтамасыз етуге міндетті. Сонда ғана бөлімше бойынша мемлекеттік жоспар мүлтіксіз орындалады, партиямыздың бүгінгі талаптарына нақұрмы іспен жауап бере аламыз.

ҚЛКЖО облыстық комитетінің V пленумы

Кеше, ҚЛКЖО облыстық комитетінің V-пленумы болды. Пленум ұйымдастыру мәселесін қарады.

Пленум ҚЛКЖО Орталық Комитетінің кадр жөніндегі секретарлығына сайлануымен байланысты **А. Ф. Шалов** жолдасты ҚЛКЖО облыстық комитетінің бірінші секретары міндетінен және бюро мүшелігінен босатты.

Сонымен бірге, пленум **И. С. Белетченко** жолдасты ҚЛКЖО облыстық комитетінің кадр жөніндегі секретары міндетінен босатып, оны ҚЛКЖО облыстық ко-

митетінің бірінші секретары; **В. Н. Воинов** жолдасты ҚЛКЖО облыстық комитетінің ауыл-село жастары арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімі меңгерушісі міндетінен босатып, оны ҚЛКЖО облыстық комитетінің екінші секретары; **Р. Ө. Маралбаева** жолдасты ҚЛКЖО облыстық комитетінің кадр жөніндегі секретары етіп сайлады.

ҚЛКЖО облыстық комитеті пленумының жұмысына ҚК(б)П облыстық комитетінің секретарлары **С. Ниязбеков** және **М. Шулгинова** жолдастар қатысты.

гектар өгістік алаңға қар тоқтатады және қар тоқтататын қалқанар, түрлі

өз учасқотеріне түгелге дерлік қар тоқтатып болды. **А. ПОЗЫЛОВ.**

Мичурин атындағы колхозда

Конюхов ауданындағы Мичурин атындағы ауылшаруашылық артелі фермада еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісіне көңіл бөле бастады.

Жуырда колхоз жел двигателін алды. Колхоз мұнан бұрын екі шөп булан-

дырғыш сатып алған болатын. Бұл машиналардың бірі қой фермасына, екіншісі шөпке фермасына орнатылды.

Осы аудандағы «Красная крепость» колхозы да фермадағы жұмыстарды механикаландыра бастады.

Совет қаруының даң

Бұдан торыз жыл бұрын—1943 жылғы 2 февральда соғыстар тарихындағы аса зор ұрыстардың бірі—Сталинград үшін болған даңқты ұрыс аяқталды.

Елімізге тун жамылын қарақшылықпен тап берген фашист шалқыншылар Еділ жағасындағы қамалды қала—Сталинградты алуға зор маңыз берді. Герман әскерлері бас штабының жоспары бойынша гитлершіл әскерлер Сталинградты тез арада жаулап алып, Москваны Шығыс жақтан орап қоршауға, еліміздің орталық бөлегін Еділ мен Орал тылынан бөліп тастауға, ал, содан кейін Отанымыздың астанасына соққы беріп, Совет Армиясын талқандауға, сөйтіп, соғысты өз пайдасына аяқтауға тиіс болды. Біздің қарулы күштерімізді негізгі бағыттан қол үздіру үшін, немістер Бакуды және еліміздің мұнай шығатын кендерін басып алуға тырысып, Оңтүстікке осы мезгілде шабуыл бастады. Сонымен, Сталинград түбіндегі ұрыста Отанымыздың тағдыры шешілетін болды.

Гитлершіл басқыншылар бұл қалаға орасан көп адам күші мен техникасын төкті. Олар өздерінің орасан көп шығынға ұшырауымен санаспай, қайткен күнде де жеңіске жетуге жанталасты. Даңқты Сталинград үшін болған ұрыс бұрын

соғыстар тарихында болмаған көлемде өріс алды.

1943 жылғы 10 январьда айбынды Қызыл Армия жойқын шабуыл бастады. Бұл шабуыл дүшпанның қағарында 330 мың адамы бар зор армиясын қоршауға алып, жою және қолға түсірумен аяқталды. Әскерлеріміздің темірдей берік қоршауынан бірде-бір гитлершіл құтылып кете алмады.

Сталинград түбінде болған ұрыс Ұлы Отан соғысының барысында шұғыл бұрылыс, ерекше өзгеріс жасады. Совет Армиясы Еділ жағалауында қолжеткен тарихи жеңістерден кейін, кең майданда шабуылға шығып, Солтүстік Кавказ бен Кубаньды басқыншылардан тазартты. Донның орта шені мен Воронеж ауданында жауды бірсыпыра қатты жеңілістерге ұшыратып, Орталық майданда Ржев-Гжатскі-Вязьма және Демянскі ауданында жаудың табан тірейтін пунктін жойды, Ленинградты қоршаған жаудың шебін бұзып өтті. Сталинград даласында неміс-фашист армиясының «жеңілмейтіндігі» туралы сандырақ ертегінің тасталқаны шықты. Сталинград ұрысынан кейін қасиетті жерімізден басқыншыларды жаппай қуып шығару ісі басталды.

Данышпан көсеміміз Сталин жолдастың басшылығы арқасында айбынды совет әскерлері Сталинград үшін болған жой-

қозымыз мемпарын артып Ал, мал п үшжылдық ша толық ө йіндеу жөн есеп айыры колхоздың з едәуір артыт масының же де бар. Қол жарынан нь күш-мүмкін

қын ұрысты жеңіспен ая на, соғыстар да бір қаһа

Ұлы Октябрь сыйың 26 : баяндамасын соғысының сына шешіл да айта кел міс әскерлері ұшырауын . Сталинград жанындағы көрсетті.

«Сталинград қаратүнек о ғын ұрыста оңала алма Сталин жол

Сталин а шылығы әр әскерлеріміз герлік қый орындалуы қосылған ас Бұл — кәз қыймылыны соғыс ғылы Фашистік ә жою—бұл с салтанаты.

Камалы

Идан шебі
етр, тіпті
сып, өткін
лершіл ге
на дүрбімен
шеру тар
қ, жаудын
ыққан-ды.

рлы күшіне
орғаушы ең
Сталиннің
өнеріне кө
ауды жеңіп

қызы Зоя
ндегі Пет
у азалтап
332- жаю
жөндөттерге

түр! —депті

түр—ендеше
корғаушы

төнген қы
ір аязды
азалы, қап
1945 жыл
ын төлкен
үшін, нұрын
ы жеңісін
ваны, бүкіл

отанды қор
а шөп өсіп,
в. Бірақ, уа
бір ұмытыл
есімізде. Отан
кден қаны,
сімізде. Енді
алануын біз
халқымыз,

Ерлік даңқы бар ғаламға жайылған атақты 28 панфиловшінің бірі, саяси жетекші, алматылық Ключков өзінің қарулас достарына: «Шегінетін жер жоқ, артымызда Москва тұр» дегенде, әлбетте, ол Москваны алыстан көре алмады. Бәзір панфиловші батырлар қорғаған сол шептен аспанмен тілдесіп, мұнарланып тұрған университет Сарайын алақанындағыдай әбден айқын көруге болады.

Москва — жаңа құрылыстар қаласы. Өткен жылы құрылысшылар москвалықтарға көлемі 700 мың шаршы метрлік жаңа тұрғын үйлер салып берді. Москва метрополитенінің құрылысшылары Белорус вокзалынан Комсомол алаңына дейін метроның жаңа жолын салып бітіріп, астана метрополитенінің төртінші кезегін аяқтады.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында Москва өз ұлдары мен қыздарының қаһармандығы және ерлігімен тағы да мәңгі ешпес даңққа бөленген болатын. Москвалықтар соғыстан кейінгі бейбіт жемісті еңбекте астанамызды бұрынғыдан да зор даңққа бөлеп отыр. Астана еңбекшілері — еліміздің жұмысшы табының алдыңғы тобы. Отанымыздың даңқты адамдары Николай Росийский мен Александр Туткинның, Федор Бовалев пен Лидия Корабельникованың, Григорий Мухомов пен Мария Левченконың, Антонина Жандарова мен Ольга Агафонованың, тағы басқа көптеген жаңалық тапқыш озаттардың есімі бүкіл елмізге және одан тыс жерге де мәлім.

Жаңашылар тобы — бейбітшілік гвардиясы. Олар еңбектегі ғажайып ерлігімен Отанымыздың даңқын, ұлылығын арттыруда. Булардың есімін атаумен, біз Москваның есімін атаймыз.

Антонина Жандарова мен Ольга Агафонова, Зоя Космодемьянскаяға, Мәншүк

КИНО

„Селолық дәрігер“

Облыс кино-театрларының экрандарында Москваның Максим Горький атындағы киностудиясы жасап шығарған жаңа көркем суретті, түрлі түсті «Селолық дәрігер» кинофильмі көрсетіліп жатыр.

... Шығыстан қызғылтанып көтерілген күн көзінің шапағы ақ қар жамылған кең даланы оған сайын көркейтпеген түскендей. Москваның медицина институтын бітірген жас маман Татьяна Николаевна Казакова (артистка Т. Макарова) Еділ бойындағы сахара далаға орналасқан «Степная» темір жол станциясынан түсті. Міне, ол жергілікті партия ұйымының ұйғаруы бойынша, қарт дәрігер Арсеньевтің басқаруындағы «Горлячий ключ» ауруханасына қызметке жіберілді. Совет адамына тән қасиетпен, халық үшін жан-тәнімен беріле қызмет істеу міндетін дұрыс түсіне білген жас маман алғашқы күннен бастап өзінің өмірін аурухананың өмірімен байланыстырып, біте қайнастырады.

Әлі тәжірибесі аз, бірақ, шын мәнінде келешегі мол жас дәрігерге алғашқы күндерде аурухананың коллективі, тіпті қаралуда келген аурулар да, медицина жолында 50 жыл қызмет атқарған қарт дәрігер Арсеньев те сенімсіз қарайды, оның тәжірибесі аздығынан күдіктенеді. Селолық аурухананың шаруашылығымен танысып, Казакова әлі де болса оның қажет нәрселермен толық жабдықталмағанын, лабораторияның, рентген кабинетінің жоқтығын, тағы басқа аспаптардың жетпейтінін байқайды.

Дегенмен, бұл қиыншылықтар жігерлі, өз ісіне шын берілген жас дәрігер Казакованың жігерін мойытпайды. Ол күннен-күнге тәжірибесін байыта береді. Өте күрделі операциялар жасап, өзінің қаблеттілігі мен күшіне сенімі артады.

—Менің арманым диагноз қоюды меңгеру, сөйтіп, шебер дәрігер болу,—дейді

оның қуанышын өз қуанышым деп есептейді.

Фильмде совет адамдарының арасынан сирек кездесетін өзіншіл, ісіне немқұрайды қарайтын, мақтаншақ Анатолий Темкиннің ролін, оның теріс мінездерін артист А. Дуров та зрительдерге нанымды түрде жеткізе білген.

Фильмдегі басқа кейіпкерлердің ролдерін жас артистер ойдағыдай атқарады, медицина қызметкерлері Нюра (артистка Е. Хабарова), Шура (артистка А. Харитоновна), Ира (артистка Л. Иванова), колхозшы Струков (артист Н. Смольков), колхозшы әйел Баранова (артистка И. Кузнецова) және тағы басқалардың бейнесі өздеріне тән ерекшеліктерімен көрсетілген.

Кинооператор В. Рапопорт табиғат көрінісін, күн көзінің сәулесімен нұрланған кең даланы, қараңғы түнде қалқыған айды тамаша бейнелей білген.

Фильм біздің мәдениетті, өмір сүйгіш совет жастарын социалистік ауыл-село-мызды көрсейтуге, қала мен ауыл-деревня арасындағы қайшылықтарды бірте-бірте жою үшін қажырлы еңбек етуге шақырады.

Бірақ, бұдан фильмнің кемшіліктері жоқ деген ұғым тумасқа тиіс. Селолар мен ауылдарда совет халқының игілігі үшін жан-тәнімен беріле қызмет етіп жүрген совет интеллигенциясының өкілдері көп. Олардың міндеті өздері қызмет атқарып жүрген жерде әлеуметтік өмірге белсене араласып, ауыл-село мәдениетін көрсейле беру, селодағы совет адамдарының рухани бейнесінің өсуіне көмектесу болып табылады. Міне, «Селолық дәрігер» фильмінің бір кемшілігі — село интеллигенциясы, медицина қызметкерлері егіс даласында еңбек істеп жүрген колхоз адамдарымен жақын араласпайды, олармен елімізде болып жатқан тарихи

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 1 февраль. (СОТА). Корей-Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының бас командованиесі бүгін Корей Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, майданның жекелеген учасоктерінде қорғаныс ұрыстарын жүргіздеу болды деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар Вонсан, Муньхонь, Нампхо және Кансо аудандарында бейбіт елге пулеметтен оқу жаудырып бомбалауға қатысқан жау самолеттерінің ішінен 5 самолетті атып түсірді.

Тунистегі жағдай

ПАРИЖ, 1 февраль. (СОТА). Бүгін тунис халқы француз отарлаушыларының өкімзорлығына қарсы, француз әскерлерінің аяуандық әрекеттері мен кісі өлтіргіштік зұлымдықтарына қарсы наразылық білдіріп, жаппай ереуіл өткізуде.

«Юманите» газеті Тунис еңбекшілерінің бүкілжаппай Одағы, Тунис кәсіподақтарының бүкілжаппай бірлестігі, «Неодестур» партиясы, Тунистің коммунист партиясы, Тунис шаруаларының бүкілжаппай Одағы және Тунис колөнершілерінің одағы бірлескен үндеу жариялап, онда Тунис халқына ұлт тәуелсіздігін беруді талап етуді қолдайды деп хабарлайды.

«Фран-тирер» газеті француз әскерлерінің жазалаушы отрядтары тунис халқына қарсы зұлымдық әрекеттер жасауда деп хабарлайды. Полицейліктер тунис патриоттарының үй мекендерін өртеп, қыйратуда, көптеген адамдарды тұтқынға алуға.

ГОЛЛАНДИЯ СОТЫНЫҢ ЖҮГЕНСІЗДІГІ

ГААГА, 1 февраль. (СОТА). Голландия

Асқан сезiмталдықпен қарауды талал ететiн iс

Коммунистер—совет халқының алдыңғы қатарлы, таңдаулы адамдары. Олар коммунистер, И. В. Сталин жолдас айтқандай, ерекше сипатты адамдар. Партиямыз өзiнiң қатарын үнемі алдыңғы, таңдаулы адамдар есебiнен толықтырып, оларды коммунист деген жоғары атақты қасиетпен ұстауға қажымай-талмай тәрбиелейдi.

Сонымен бiрге, партия өзiнiң Уставын бұзушы кейбiр жеке коммунистерге немқурайды қарай алмайды, олардың лайықсыз iсiн партия бұқарасының талқылауына салып, тиiстi түзеу шарасын қолданады, қажет болса, партия қатарынан шығаруға дейiнгi нағыз қатал жазаны қолданады.

БҚ(б)П Орталық Комитетiнiң 1937 жылғы февраль-март пленумының қаулысы коммунистердiң партиялылығы жөнiндегi iстi шешудегi формальдiк пен төрешiлдiктi қатты сөгiп, партия ұйымдарын партия қатарынан шығару, немесе шығарылғандарға партия мүшелiгi правосын қайта беру мәселелерiн жолдас-тық камкорлықпен шешуге мiндеттедi.

Партияның Орталық Комитетiнiң бұл қаулыларын және мұнан кейiнгi нұсқауларын басшылыққа ала отырып, облыс партия ұйымы соңғы жылдарда БҚ(б)П мүшелерi мен кандидаттарының тағдырын шешу iсiн анағұрлым жақсартты. Алайда, БҚ(б)П Орталық Комитетi атап көрсеткендей кемшiлiктер әлi де ақырына дейiн жойылмай болған жоқ. Кейбiр партия ұйымдары коммунистердiң, әсересе, қатардағы коммунистердiң жеке iсiн қарап шешуде жауапсыздыққа жол берiп келедi.

Октябрь аудандық партия комитетi

мен аудандық прокуратура БҚ(б)П мүшесi Тысячный жолдасы товар ұрлығы жөнiнде айыптады. Аудандық партия комитетi оны партия қатарынан шығарды. Халық соты Тысячныйды соттап, екi жыл тұтқын жазасын бердi.

БҚ(б)П облыстық комитетiнiң жанындағы партия коллегиясы мұның дұрыстығына күмәнданып, оны тексерудi қажет деп тапты. Тексерiстiң нәтижесi: Тысячный жолдасын онымен бас наразылығы бар адамдардың жала жабуымен айыпталғанын, ал, шынында оның кiнәсiз екенiн анықтады. Iстiң жайы осылай анықталғаннан кейiн облыстық сот халық сотының үкiмiн бұзып, Тысячныйды ақтап жібердi. Тысячный жолдасын партиялылығын Октябрь аудандық комитетi қайта қалпына келтiруге мәжбүр болды.

Октябрь ауданында коммунистердiң тағдырын шешуге дұрыс қарамаушылық фактiсi некен-саяқ емес. Аудандық комитет өткен жылдың сентябрiндегi бiр бюро мәжлiсiнде Коновалов МТС-iнде ауылшаруашылық жұмыстарының барысы туралы мәселе қарап, МТС директоры Ларионовты егiн жыйнау мен мемлекетке астық тапсырудың, зябь жыртудың бескүндiк графиктерiн орындамау жөнiнде айыптап, партиядан шығарды. Бiрақ, көп ұзамай-ақ, 16 октябрдегi бюро мәжлiсiнде «Аудандық партия комитетiнiң 1951 жылғы 1 сентябрь күнгi қаулысын бұзуға, МТС-ке басшылықты жақсартқаны үшін БҚ(б)П мүшесi Ларионов жолдасы партия қатарында қалдыруға» деп қаулы алады. Осы бюро мәжлiсiнде екiншi — «Аудан бойынша зябь жыртудың барысы туралы» мәселе қаралады. Онда Коновалов МТС-i бойынша зябь жырту

жоспары 7-ақ процент орындалғаны атап көрсетiледi, бюро мүшелерi Ларионов жолдасы қатты сынады. Бiрақ, Ларионов жолдасқа ешбiр жаза қолданылмайды. Мәселенi былай шешуден артық қандай жауапсыздық болуы мүмкiн.

1948 жылы БҚ(б)П мүшесi Хромцов жолдас басқа жерден ауысып Петропавл қалалық партия ұйымына келедi. Қалалық комитет ол бұрын есепте тұрған партия ұйымынан 1949 жылы январьда есеп карточкасын сұратып алады. Бiрақ, қалалық комитет секретарының көмекшiсi Фейге жолдас өзiнiң қызметiне салақ қарауы салдарынан Хромцов жолдасын есеп карточкасын жоғалтып алады. Фейге жолдас мұны жасырып, ешкiмге айтпайды. Хромцов жолдас екi жылдан астам уақыт есепке тура алмай дал болады. 1951 жылы июньда Хромцов жолдасын есеп карточкасын қабылдаған қол хаты көрсетiлгеннен кейiн ғана Фейге кiнәсiн мойындады.

Қалалық комитет бұл фактiге қалай қарады? Турасын айту керек, ол бұл мәселе жөнiнде «төзiмдiлiк» көрсетiп, Фейге жолдасқа партия документiн жоғалтқаны үшін айыбын бетiне басумен ғана тынды.

Облыстық комитет, әрине, мұндай либералдық ұйғарындымен келiсе алмады.

Бастауыш партия ұйымдары, қалалық және аудандық партия комитеттерi әрбiр коммунистiң тағдыры жөнiнде мәселе шешкенде, оған асқан байыптылықпен, жолдас-тық көзбен қарау жөнiндегi большевиктiк принциптi қатаң сақтаулары қажет.

М. БИГОЖИН,

БҚ(б)П облыстық комитетi жанындағы партия коллегиясының мүшесi.

Ауыл еңбекшiлерiнiң талабы орында

«Баян» — аудандағы ең үлкен колхоздың бiрi. Мұнда онжылдық мектеп, интернат, денсаулық сақтау орны, оқу үйi, электр станциясы, тағы басқа мәдени көпшiлiк орындар бар.

Алайда, көп қаражат шығарылып салынған осы мәдени орындар еңбекшiлердiң рухани тiлегiн қанағаттандыруға пайдаланылмай отыр. Алдымен, колхоз клубын мысалға алайық. Оның құрылысының қолға алынғанына быыл үшіншi жыл. Бiрақ, ол әлi толық салынып бiткен жоқ. Қабырғалары қаланып болысымен ақ ауылдық Совет пен колхоз басшылары оның iшiн астыққа толтырып оны астық қоймасына айналдырды. Клуб болмағандықтан, ойын-сауық қоярда немесе мерекелердi атап өтетiн кездерде халық мектеп залына жыйналады. Бiрақ, бiрнеше жүздеген колхозшылар мен ауыл интеллигенциясы мектептiң 40—50 балаға арналған залына сыймайды. Ойын-сауықты оқта-текте көрсетiлетiн кинокартиналарды ауыл еңбекшiлерiнiң аяқтарынан тiк тұрып, иiн тiрескен қалпында көруiне тура келедi.

Колхозда басқа бөлiмдерiнiң барлығын дақ Совет пен колхоз үйiн босатар емес қасиетпен тiптi ойлап.

Колхоз электр станциясы үш жылдан артық уақыттан берi қолхозшылар оның пайдаланылуына мүмкiн емесiн ойлап отыр. Электр станциясының қызме-тiн бермейдi. Оның диверсияға ұшырап, тек астық ақтайды.

Қатты соққан бiрнеше колхоздың жел дiрiсiн жетiншi ай. Бiрақ, олардың ешбiрi емес сияқты.

Колхоз өткен жылдың аяғында пункт салуға бiрiске қол жетiрмей қалды. Қабырғалары қаланып кеткен мен иденi, есiк-терезелерi алынған жоқ.

Келешекте осы бағытта аяқталса өкен, клуб станциясы колхозшылардың керектi болса өкен.

ОМСК ТЕМIР ЖОЛЫНЫҢ ПЕТРОПАВЛ СТАНЦИЯСЫ

Поезд тiркеушiлер, вагон құрастырушылар, стрелочниктер курсiне оқушылар қабылдайды.

Курске қабылданғандар стипендиямен, киiм-кешекпен, ССРО ныр барлық темiр жол бойымен жүру үшін тегiн билетпен және отынмен қамтамасыз етiледi.

Вокзалдың жөн-жоба сұрау бюросы арқылы кадр бөлiмiнен түсiнiк алуға болады.

БАРЛЫҚ АПТЕКТЕРДЕ

Авиациялық бензин және витаминделген балық майы сатылады.

ОМСК ТЕМIР ЖОЛЫНЫҢ ПЕТРОПАВЛ БӨЛIМ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ БӨЛIМ

Түпкiлiктi жұмысшылардың визор керек.

Жұмыс бабы жөнiнде станциясы, Омск кадр бөлiмiне келiсiм алынды.

Петропавл қаласы, -үйдi тұрушы Петр Павло, Петропавл қаласына көшесi, № 122-үйдiң қолжазбасы Ивашенкодан иiнде арыз бердi.

Iс Солтүстiк Қазақстан Республикасының Петропавл қаласындағы 3-көшесiнде қаралады.